

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жас зымыраншылар

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.09.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/16612/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Коныров Асылбек Салимгереевич

Мақсаты:

Білімділік: Ғарыш кеңістігін игерудегі жетістіктерді қазіргі өмірмен байланыстыра отырып түсіндіру.

Тәрбиелігі: оқушылардың өз қолдарымен жасаған үлгілерін сынауға үйрету, алған білімдерін тәжірибе жүзінде пайдалана білуге тәрбиелеу;

Дамытушылығы: Оқушылардың тарихи, ғылыми танымын кеңейту, білімділігін арттыру.

Сабақтың әдісі: сайыс сабақ.

Көрнекіліктер: интербелсенді тақта, зымыран модельдері, қазақ ғарышкерлерінің суреттері, зымыранды ұшыруға арналған тұғыр.

Сабақ жоспары:

I бөлім: Ғылыми космонавтика туралы мағлұмат (слайд).

II бөлім: «Жас зымыраншылар» сайысы.

XX – ғасыр. Тарлан тарихқа төңкерістер дәуірі, адамдар психологиясындағы арпалыс, қырғи — қабақ соғыс жылдары, атом дәуірі деген аттарымен енген бұл кезеңнің біздің халқымызға берген екі үлкен сыйы бар: Оның біріншісі – қазақ елінің ұйытқи соққан замана желінің қатал да қатыгез екпініне қайыспай шыдас беруі арқылы «Мың өліп, мың тіріліп» жүріп, өз тәуелсіздігін жеңіп алуы болса, екіншісі – «ай нұрын ұстап мінсе де, қызыққа тоймас адамзат» деген балалар арманы орындалып, ғарышқа қазақ ұланының барып қайтуы.

Ерте заманнан – ақ адам баласы аспанға назар аударып келеді. Ал қазір аспан туралы тиянақты білім алып, әлем кеңістігін игере бастады. Дүниежүзінде алғаш рет ғарышты бақылайтын жердің жасанды серігі 1957 жылы 7 қазанда аспан кеңістігін зерттей бастады.

Кеше: Елдігінің жұрнағы қалмаса да,

Құмар болды даңғаза, далбасаға

«Менікі, — деп, Байқоңыр!» кеуде қақты,

Маңайына бір қазақ бармаса да...

Бүгін: Сын сағаты соққанда арамызға –

Туған ұлдар аз емес бағымызға,

Талғат Сізді ғарыштан құттықтады,

Тоқтар тұрды жарасып жаныңызда.

«Байқоңыр» кешені – адамзат тарихындағы ең алғаш ғарыш айлағы. Осының өзі біздің елімізді «космостық гавань» деп ұлықтауға құқық береді. Байқоңыр кешеніне балама алатын ғарыш айлағы жер бетінде жоқ. Ресей федерациясы «Байқоңыр» арқылы өзінің мемлекеттік ғарыш бағдарламасын жүзеге асырып жатыр және коммерциялық космос аппараттарын ұшыруда.

Дәл осы жерден 1961 жылы 12 сәуірде Юрий Гагарин тұңғыш рет ғарыш кеңістігіне жол салды.

Ғарышта ғарышкерлер міндетін ғарыш кемесі — әрі үй, әрі ғылыми зертхана. Онда ғарышкерлер тұрып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Өз елімізден шыққан ғарышкерлер — Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовте ғарышқа ұшып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Талғат Мұсабаев «Союз ТМ — 27» ғарыш кемесінің басшысы болып, ғарышта 200 күнге жуық жүрді. Ғарышкерлер халықаралық және мемлекеттік маңызы бар тапсырмалармен қатар ғылыми зерттеулер жүргізуге басшылық жасады.

Оқушылар жасаған зымыран үлгілерін сынауға арналған сайысымызды бастаймыз.

Сайыскерлерімізді шақырмас бұрын кеш барысын қадағалап отыратын, әділ баға беретін әділ — қазылар тобымен таныстырып өтейік

Сайыс жоспары:

I кезең: Таныстыру.

Оқушылар өз зымырандарын қалай жасап, әрлегендерін айтады.

II кезең: зымырандар сайысы.

Резеңке арқылы ұшырылатын зымырандардың сайысы 2 кезеңнен тұрады. Осы екі кезеңнің ұшыру уақытының орта мөлшері ұпай болып саналады.

Ал, ендеше іске сәт қырандар!

Сайыстың қорытынды сөзі әділ-қазыларға беріледі. Жеңімпазды анықтайды, марапаттайды.

Сайра бұлбұл көкейден ән төгілсін.

Жырға бөле даламның әр төбесін.

Байқоңырдан тік ұшқан ғарышкерлер

Көтерді қазағымның мәртебесін, — деп, бүгінгі сайыс-сабағымызды

аяқтаймыз.

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.